

Аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 180 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 сәуірде № 10743 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 691 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 691 бұйрығымен.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 14-бабы 18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Мемлекеттік сатып алу заңнамасы департаменті (С.М. Ахметов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 8

н а у р ы з д а ғ ы

№ 180 бұйрығымен бекітілген

Аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі

- 1 . Тауарлар ;
2. Көрсетілетін қызметтер, оның ішінде:
- 1) аңшылықпен, кәсіпшілікпен және жабайы құс өсірумен байланысты қызметтерден басқа, ауыл шаруашылығындағы және аңшылықтағы қызметтер;
 - 2) орман өсіру және ағаш дайындау үшін көрсетілетін қызметтер;
 - 3) балық аулауға байланысты көрсетілетін қызметтер;
 - 4) шикі мұнай және табиғи газ, іздестіру жұмыстарынан басқа, өндіру жөнінде көрсетілетін қызметтер;
 - 5) тізбесі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес белгіленетін техникалық күрделі құрылыс объектілерін қоспағанда (күрделі және ағымды жөндеуді қоса алғанда), күрделі және ағымды жөндеуді қоса алғанда, құрылыс қызметтерін көрсету және құрылыс объектілері ;
 - 6) автомобильдер мен мотоциклдер саудасы, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөнінде көрсетілетін қызметтер;
 - 7) автомобильдер мен мотоциклдер саудасы жөнінде көрсетілетін қызметтерден басқа, көтерме және комиссиялық сауда қызметтері;
 - 8) бөлшек сауда жөнінде көрсетілетін қызметтер;
 - 9) қонақ үйлер мен мейрамханалардың қызметтері;
 - 10) темір жол көлігі қызметтерінен, метрополитен қызметтерінен, құбыржолдар арқылы тасымалдау қызметтерінен басқа, құрлықтағы көлік қызметтері ;
 - 11) су көлігі қызметтері ;
 - 12) көліктік көмекші және қосымша қызметтер, саяхат бюросы мен туристік агенттіктердің қызметтерінен, туристерге көмек көрсету жөніндегі өзге де қызметтерден басқа, туризм және экскурсия саласындағы қызметтер;
 - 13) ұлттық пошта қызметтерін, электр байланыс қызметтерін қоспағанда, курьерлік қызметтер көрсетуден басқа байланыс;
 - 14) сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандырудан, облигациялық қарыздарды ұйымдастыру жөнінде көрсетілетін қызметтерден басқа, қаржы делдалдығы бойынша көрсетілетін қызметтер;
 - 15) бағалау қызметтерін қоспағанда, қаржы делдалдығына қатысты қосалқы болып табылатын қызметтер көрсету;
 - 16) жылжымайтын мүлікке байланысты қызметтер;

17) кеңселерге арналған ұйымдастыру техникасына, электрондық есептеу машиналарына және олармен бірлесіп пайдаланылатын перифериялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөнінде көрсетілетін қызметтер;

18) ғимаратты жинау жөнінде көрсетілетін қызметтер;

19) орау жөнінде көрсетілетін қызметтер;

20) кәріз, қоқыстарды жою, санитарлық өңдеу жөнінде көрсетілетін қызметтер және осыған ұқсас қызметтер;

21) шаштараз, косметикалық салондар мен емдік косметикалық ұйымдардың қызметтерінен, жерлеу, көму және кремациялауды ұйымдастыру жөнінде көрсетілетін қызметтерден басқа, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтері;

22) осы тізбеге енгізілмеген коксты, мұнай мен ядролық отынды қайта өңдеу өнімдерін өндіру қызметтерінен, жиһаз өндіру қызметтерінен, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету жөнінде көрсетілетін қызметтерден басқа, өңдеуші өнеркәсіптің қызметіне байланысты қызметтер.